В течение ряда лет Д.В. Сокольский был проректором по научной и учебной работе КазГУ им. С.М. Кирова, занимал пост Главного ученого секретаря Президиума АН РК (1951-1955), был первым Вице-президентом АН РК (1965-1976) и членом Президиума АН РК до последних дней.

Под руководством Д.В. Сокольского более 260 человек стали кандидатами химических и технических наук, 27 ученых – докторами наук, 4 из них стали академиками.

Результаты его титанического труда обобщены в 16 монографиях, им написаны около 2000 статей, защищены более 400 авторских свидетельств и 20 зарубежных патентов. Многолетняя и плодотворная деятельность академика Д.В. Сокольского получила признание научной общественности и обусловила создание в г. Алматы в 1969 г. второго в СССР исследовательского центра в области катализа – Института органического катализа и электрохимии АН КазССР (ныне – Институт топлива, органического катализа и электрохимии НАН РК), директором которого Дмитрий Владимирович был до конца своих дней.

Научная деятельность Дмитрия Владимировича – замечательный пример плодотворного использования знаний и способностей для решения самых разнообразных задач. Широкому разветвлению работ по каталитической гидрогенизации в стране во многом способствовала изданная им в 1962 г.

книга «Гидрирование в растворах», ставшая настольной книгой исследователей всего мира, работающих в области жидкофазной гидрогенизации. Она была переведена на английский язык и издана в Израиле и США.

За выдающиеся заслуги Сокольскому Д.В. присвоено звание Героя Социалистического Труда, он награжден орденом Ленина, двумя орденами Трудового Красного Знамени, орденами Дружбы Народов, значком «Знак Почета», медалями СССР. В 1975 г. академик Д.В. Сокольский был избран почетным доктором Будапештского политехнического университета.

Несмотря на всемирную известность и столь титаническую работоспособность, целеустремленность, направленную на достижение конкретных результатов, академик Д.В. Сокольский до конца своей жизни оставался простым, открытым для творческой молодежи, доброжелательным человеком и учителем, умеющим личным примером зажечь огонь познания и повести за собой многих. Это величие, заключающееся в простоте, и позволяет нам последующему поколению ученых и педагогов с гордостью представлять, созданную академиком Д.В. Сокольским каталитическую школу. Память о выдающемся ученом, запечатленная в книге «Өнегелі өмір», – есть не что иное, как всенародная любовь и восхищение человеком, перед величием которого следует преклонить колени.

Профессор Е.А. АУБАКИРОВ,
доцент Ж.Х. ТАШМУХАМБЕТОВА

Продолжение. Начало на 1 стр.

ОЧЕРК О ТУЛЕГЕНЕ МАСЕНОВЕ

В 1946 году он возвратился в КазГУ, где прошел путь от ассистента до профессора. В 1954 году защитил кандидатскую диссертацию, докторскую – в 1967 году. В 1968 г. утвержден в звании профессора, в 1974 г. ему присвоено звание Заслуженного деятеля науки Казахстана, в 1983 г. избран членом-корреспондентом

Академии наук КазССР.

Т. Масенов создал в Казахстане свою научную школу по сравнительной морфологии позвоночных животных. Он автор более 200 научных работ, 2 монографий. Под его научным руководством защищено 3 докторских и 11 кандидатских диссертаций.

Под его руководством выпущены десятки сборников кафедры, факультета и совместно с Институтом эволюционной морфологии АН СССР. Научные работы Т. Масенова получили широкую известность среди ведущих биологов СНГ и за рубежом. Он входил в состав авторского коллектива фундаментального многотомного издания АН СССР «Фауна СССР и сопредельных стран», а также был в составе Советского Комитета при ЮНЕСКО «Человек-биосфера».

Наряду с научно-исследовательской деятельностью, Т. Масенов вел большую педагогическую работу: организовал и более 20 лет заведовал кафедрой цитологии, гистологии и эмбриологии КазГУ. Как видный деятель биологического образования входил в состав Всесоюзной научно-методической комиссии по биологическому образованию МинВУЗа СССР и МинВУЗа КазССР. Им переведены на казахский язык учебник «Зоология» для ВУЗов и учебник зоологии для средних школ.

Главным делом его жизни была научно-педагогическая работа со студентами. Более 60 лет он читал лекции, которые запомнились многим поколениям выпускников биофака КазГУ широким синтетическим подходом, богатством содержания и глубиной обобщения. Выпускники биофака запомнили профессора Т. Масенова как вдумчивого, глубоко и всесторонне знающего педагога, хорошего рассказчика и прекрасного оратора.

Тулеген Масенов награжден орденами Октябрьской революции, Отечественной войны, более 15 медалями, а также Грамотами Верховного Совета Казахстана, союзного и республиканского Министерства образования и Академии Наук.



Такие люди, как Тулеген Масенов, составляют человеческий капитал земли, ее золотой фонд и являются примером искреннего служения науке и своей Родине.

Алма МАСЕНОВА,
д.х.н., зав. лабораторией каталитического
синтеза им. С. Бижанова;
Элеонора КОЖАБАЕВА,
зам. зав. кафедрой по НИР и
международным связям

30 наурыз күні Корея Республикасының Денсаулық сақтау және дәулеттілік министрінің орынбасары Банг Мун Гюв ҚазҰУ-ға ресми іссапармен келеді

■ ӨЗТАНУ

Адам дүниеге не берсе, соны алады

Адам бойында ұлы да орасан мүмкіндіктер, интеллектуалдық, моральдық күштер бар. Бүгінгі күні адам туралы 7 миллионға жуық мәлімет белгілі. Олар тіршілікке пайдалы болғанмен, адамның өз-өзі туралы ақиқат білімді бере алмайды. Өзі туралы білімді әрбір адам ішкі дүниесіне назар аударғанда ғана ала алады.



Қазіргі масс-медия құралдары адамның өз бойынан жаман қасиеттерді ғана (артық салмақ пен ұқынсыздықты, талғамсыздықты) көріп, дүниені, өз өмірін пессимистік тұрғыдан қабылдауына ықпал етіп жатқаны жасырын емес. Ондай пессимизм индивидуалды және коллективтік қатынастардағы үйлесімді жоюда. Өмір – адамның айналадағы адамдармен, заттармен, табиғатпен, Құдаймен қарым-қатынасының жиынтығы. Ол қатынастардың мәні – өмірлік қуат алу және қуат беру. Қуат сапалы, яғни позитивті болса, қатынастар да үйлесімді. Адам дүниеге не берсе соны алады. Әрбір азаматтың – өзінің меншікті рухани дүниесіне толық құқылы, жетілген, мінсіз де ұлы тұлға сезінуіне мүмкіндігі бар. Тұлғалы азаматтардан құралған қоғам ғана барынша өркендеп, адам өмірінің сапасы жақсармақ. Сондықтан, өміріміздегі жағдайларды туындататын сана тегіктерін тануға көмектесетін, өмірлік сабақтар беретін дәрістер мен шаралар аса қажет.

Білімді де жан-жақты толысқан тұлға тәрбиелеуде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да атқарылып жатқан жұмыстар көпке үлгі боларлық. Университет басшысы Ғ. Мұтановтың бастамасымен кең қанат жайған «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобалары аясында барлық факультеттер мен Студенттер үйлерінде жастардың өзін-өзі жетілдіруіне, оларды ізгілікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке үндеген шаралар үнемі өтуде. Себебі, өз тұлғаның тереңіне бойлап, өз-өзіңізді, өз жаныңыздың қазынасын іздеп табу арқылы Сіз ерекше іс жасайсыз, рухани күшіңізді қалыптастырып, айналаға мейірім-махаббат тарату арқылы Сіз – дүниені жақсартасыз. Сондықтан өзін тану – нағыз адами болмысты табу, бұл өмірде өзінді жүзеге асыру стратегиясы болып табылады.

Елімізде адам рухының күші мен потенциалына негізделген «Өзін-өзі тану»



теориясын негіздеген және осы салада жазылған еңбектердің авторы Сара Назарбаева болып табылады. Өз еңбектерінде Сара Алпысқызы адамның әлемдегі, қоғамдағы жаңа позициясы тұлғаға, оның жаратылыстық және мінез-құлықтық ерекшеліктеріне жана дүниетанымдық тұрғыдан назар аударады.

Мамандардың пікірінше, адамның күнделікті бір күні – ұйқысының қану-қанбауы, жалпы көңіл-күйі, қарым-қатынас мәселелері, ауа райының әсері – орта есеппен 2000 микрооқиғадан құралады. Бастан-аяқ сәтсіз күн болғанда да, ішкі позитивизм мен оптимизмді сақтау үшін адам өз жан дүниесінің ішкі құрылымындағы әрбір механизмінің қандай режимде жұмыс істеп, қай сәтте қандай нәтиже беретінін толық біліп-менгерген шеберге айналуға тиіс. Ал өзін таныған адам – өзгені де жаңылмай таниды, қабылдайды, қатесін кешіріп, қажет болғанда жан шуағын төгіп, дүниені жақсарта, жетілдіре түседі.

Айналада, жеке адам өмірінде болып жатқан оқиғаларда терең астар, құпия мән, андай білгенге тағылымды сабақ бар. Көргенін біржақты қабылдаумен шектелетін адам өз өмірінің маңызды оқиғаларын саналы күй мен сезімде қабылдап, шығармашылықпен жауап қатуына мүмкіндігі болмайды. Олай ету, ете алу – маңызды. Дәл сол сәттегі эмоциялар билігінде болғандықтан, шалағай, автоматты түрде эмоциялық реакция жасайды. Бұл – тәуелділіктің, құлдықтың түрі. Мысалы, айналадағылардың Сіздің мүсінділігіңізге таңырқағанынан «Сіз дегеніміз – Сіздің сырт келбетіңіз, ал сұлулық – дене формалары ғана» екендігіне сеніп, өз-өзіңізге беретін бағаныз – қазіргі түр-келбетіңіздің тәуелділігіне ұшырайды. Бұл – физиологиялық құлдық (бұдан өзге құлдық түрлері: психологиялық, моральдық, материалдық, әлеуметтік). Нағыз баға ешқашан сыртқы факторларға негізделмеуге тиіс. Себебі сыртқы атактар, белгілер – жалтырақ орамалар. Сізді нағыз «меніңізден», индивидуалдылығыңыздан айырады.

Нағыз жетістік – заттар арқылы келмейді. Нағыз жетістік адамның ішкі дүниесінде жасалады. Өзін эстрадалық кумирмен, футбол командасымен, «жұлдызбен», затпен, идеямен ойша біріктіріп, өз тұлғасын жойып алған адамның өзіндік рухани сұлулығы жойылып, өзі де адамзат үшін ғайып болады. Өзіңіздің нағыз «меніңізді»: өзіне-өзі көңілі толатын, күшті де мейірімді, айналаға жан сұлулығы мен жылуын тарататын тұлғалық қасиеттеріңізді ашыңыз.

Адамның өзін-өзі тануы оны жаңа асуларға – ұлты мен мемлекетін ардақтауға, асқақтатуға, патриотизмге, адамзатты шын құрметтеуге жетелейді. Өз өміріңізді өзіңізден тысқарыда өткізбей, өз-өзіңізге айналуға ұмтылыңыз!

Гауһар АБДРАСИЛОВА,
Әміржан БУХАЕВ

■ МЕНІҢ ҚАЛАШЫҒЫМ

Бүгінгі таңда, тіпті демалыс күндерінің өзінде де, табиғат аясына шығып, таза ауамен дем алып, төңіректі тамашалауға қол тие бермейді. Соның кемшілігін сабақтардың арасында бос уақыт бола қалған кезде университет қалашығының у-шудан тыныш, жайлы жерлерін аралап қайту арқылы толықтыруға тырысамын. Мен білетін бірнеше шағын аумақтар бар. Соның бірі қалашықтағы бұлақ жағалауы: оң жақ жағалауымен көпірге дейін көтеріліп, сол жағалаумен ылдифа түссеңіз, 300 метрдей жол жүресіз. Менен басқа да адамдар қыдыратын болса керек, екі жағалауда да жалғызаяқ соқпақ бар. Жазда жапырақтың сыбдыры, сарыбауыр шымшық, қара сайрауық, мысықторғай, дыркептер, сарыжағал қараторғай сияқты құстардың әніне бұлақ сылдыры қосылып, табиғат құшағында жүргендей әсер қалдырады.

Жапырақтың сыбдырына БҰЛАҚ СЫЛДЫРЫ ҚОСЫЛҒАН ЖЕР



Университетімізде осы бұлақ маңын ретке келтіру мәселесі орынды көтеріліп, құрылыс жұмыстары басталып та кетті. Осы орайда бұлақ маңын көркейтуге қатысты ойларымды ортаға салғым келеді.

Одақ кезінде Санкт-Петербург қаласында бірнеше мәрте болғаным бар. Сонда Фонтанка, Мойка, А.С. Пушкин жараланған аты шулы Черная речка сияқты шағын өзендердің жағалауы гранитпен көмкеріліп, қалаға ерекше әр беретін нысандарға айналғанын көріп таңғалғанмын. Біздің университет аумағы арқылы ағып өтетін бұлақтың жайын ойлағанда солар еске түсті.

Қазіргі университет қалашығы орналасқан аймақ біздің студенттік шағымызда, 1960 жылдардың соңы 1970 жылдардың басында алма бақтары өскен қаланың шеті болатын. Қыс кезінде №9 траллейбуспен келіп, шаңғы теуіп қайтқан кездеріміз әлі есімде. Сол заманнан қалған, қартайып, күшті жел соққан сайын қирап жатқан зәулім теректер бар. Соларды отап, орнына жас ағаштар отырғызсақ. Сонымен қатар Шарын өзенінің аңғарында үштік дәуірден бері сақталып қалған реликт деген ағаш түрі бар. Ғылыми әдебиеттерде «Шаған» деп жазылып жүр, жергілікті халық «Ерен» деп атайды. Көрікті өсімдік әрі ұзақ жасайды. Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде 600-700 жыл жасаған ерен ағаштары кездеседі. Осы ағаш түрі егілсе деймін, себебі бұлақ жағалауы осы түр үшін қолайлы жер: өзіне тән ерекше ылғалды микроклиматы бар, көктемгі қар еріген кезде, жазғы нөсерлерден кейін бұлақ тасып, шағын жайылмасы да су астында қалады, су жағалаудағы ағаштарының

түбіне дейін жетеді, шаған ағашына керегінің өзі де осы. Туристік проспектілерде «Ясенева роша» аталып жүрген, Шарын ұлттық табиғат паркінің ерекше нысандарының бірі, осы шаған ағашы өсетін Сарытоғай деген жер.

Ұлттық паркте тәлімбақ бар, ағаш көшеттерін сонан алуға болар еді. Нәтижесінде өзіміздің кішкене «Шаған саябағымыз» болар еді. Жалпы осы аумақты студенттер, оқытушы-профессорлар құрамы тынығатын рекреациялық нысанға айналдырсақ деймін.

Сондай-ақ шағын саябаққа өзіне лайықты ат қою үшін байқау жарияланса, бұлақтың орысша «Поганка», қазақша «Теріс құлақ» деген атаулары жағымсыз, дөрекі естіледі. Екіншіден, бұлақтың екі жағында да біршама тегіс алаңшалар бар, сол жерлерге жазғы 2 кафе орналастыруға болар еді. Әрі жыл сайын студенттер мен магистранттардың арасында байқау жарияланып, бизнес-жоспарларына қарай кафелер бір жылға басқаруға берілсе. Студенттер бизнестің алғашқы дәмін татып, тәжірибе жинар еді.

Әлемге әйгілі «Жапон бақтарының» аумағы кейде 0,5 гектарға да жетпейді. Жапондықтар сол шағын бақтарды ерекше әрлеп, өнер туындысы деңгейіне жеткізген. Бақтың көркін тамашалап, тынығуды дәстүрге айналдырған. Біздің бұлақтың бойын да «Жапон бақтарынан» еш кем емес, университеттің мақтанышы болатын нысанға айналдырсақ деген тілегім бар.

Қаршыға КӨШКІМБАЕВ,
б.ғ.к., биофизика және биомедицина кафедрасының доценті

ТАНЫМДЫҚ САҰЫС

Наурыз айында картография және геоинформатика кафедрасы 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында кафедра күніне орай №4 Студенттер үйінде «Жастар біздің болашағымыз» атты танымдық сайыс болып өтті.

Бұл танымдық сайыс «Таныстыру», «Жауап бер!», «Кім суретші, кім тапқыр?», «Құлаққап» сияқты кезеңдерден, сондай-ақ әр топтардағы жігіттердің жігерлігі мен физикалық шеберліктерін айқындау мақсатында спорттық ойындарға арналған бөлімдерден тұрды. Ойын соңында «Финал» деп аталатын шешуші кезең ойнатылды.

Студенттердің білімі, тапқырлықтарына, ойлау шеберліктеріне баға беру мақсатында кафедра оқытушылары Мұратбек Құдайбергенов пен Гүлбану Байдәулетовалар қазылық етіп, ойын соңында сайыстың сайыпқырандарын анықтап берді. Нәтижесінде бақтары мен баптары қатар шапқан, дайындықтарының басқалардан бір саты жоғары екендігін дәлелдей білген «BEST» тобы бас бәйгені қанжығаларына байлады. Ал, «Болашақ», «Қазақ», «Глобус» топтары сәйкесінше бірінші, екінші, үшінші орындарды бөлісіп, марапаттарға ие болды.

Бұл танымдық сайыстың нәтижесінде ертеңгі күні еліміз деп еміреніп, ел еншісін ешкімге бермейтін, ұлтының ұлдары болардай, бойларында күші мен жігері жалындап тұрған тағы бір жас буынның болашаққа қадам басып келе жатқаны байқалды.

Л. ШЕКТІБАЕВА,
картография және геоинформатика кафедрасының 3-курс студенті

ВОЗВРАЩАЯСЬ НА РОДНУЮ КАФЕДРУ...

За год обучения в Университете Тэджон мой уровень корейского языка значительно повысился. Однако это был лишь процесс практического применения уже приобретенных мною знаний в стенах нашей кафедры.

Благодаря нашим высококвалифицированным преподавателям, уже тогда у меня был достаточно высокий уровень языка и меня определили в самую продвинутую группу. За полгода я уже окончил Центр корейского языка и следующие полгода я изучал различные дисциплины, связанные с моей будущей профессией на корейском языке, совмещая это с работой в Департаменте международного сотрудничества Университета Тэджон. Так же представляя Университет Тэджон, я участвовал в международном конкурсе эссе и ораторского мастерства на корейском языке. Показав лучший результат среди иностранных студентов с разных стран, я занял первое место.

Во время обучения в Корее я был принят в команду "Task Force" при посольстве РК. Task Force — это оперативная группа, сформированная посольством РК из числа граждан Казахстана, проживающих и обучающихся в Республике Корея и владеющих высоким уровнем корейского языка. На тот момент одной из главных задач Task Force было качественная подготовка и проведение государственного визита Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева в



Южную Корею. У каждого члена Task Force были свои обязанности. Мне же поручили сопровождать Президента Казахстана на всех его встречах. Также, я был переводчиком на презентации биографии Нурсултана Назарбаева, которая проходила в Университете Ёнсеу. Во время презентации я переводил начальника канцелярии президента М. Касымбекова, Чрезвычайного и полномочного посла РК в Корее Д. Бакишева, депутата Парламента РК Бейсенбаева, ректора КазНУ им. аль-Фараби Г. Мутанова и др.

Во время работы в посольстве РК в Корее я смог поучаствовать в реальных переговорах по различным направлениям, тем самым глубже вникая в процесс

развития казахстанско-южнокорейских отношений. Так же получил несколько предложений о работе корейских компаний.

Я провел очень продуктивный и результативный год в Корее. И я могу с уверенностью сказать, что это во многом заслуга высококвалифицированных преподавателей родного университета, кафедры Дальнего Востока КазНУ им. аль-Фараби, которые подготовили меня к этому.

Жаналд ТАЖИБАЕВ,
студент 4-го курса кафедры Дальнего Востока

«Сұңқар» студенттер кәсіподағы 2012 жылдан бері ұйымдастырып келе жатқан университетіміздің дәстүрлі, ең үздік жобасына айналған «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ең үздік студенттік тобы» байқауы болып өтті.

Бұл жобаның басты мақсаты — студенттердің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, үздік студенттер тобын шығару және ынталандыру. Студенттердің жалпы оқу үлгерімі, ғылыми, мәдени және қоғамдық шаралардағы белсенділігі, өзін-өзі басқарудағы ұйымдастырушылық қабілеттері сыналатын «Ең үздік студенттік топ — 2016» байқауы түрлі кезеңдерден тұрды.

Байқау барысында факультеттен суырылып шығып, университеттік деңгейде де тапқырлығымен, білімділігімен және ұйымдастырушылық қабілетімен өздерін жоғары деңгейде көрсетіп, университетіміздің «ең үздігі» атағын алған география және табиғатты пайдалану факультеті метеорология және гидрология кафедрасының «Метеорология» мамандығының 4-курс

ЕҢ ҮЗДІК ТОП



студенттері болатын. Студенттерге сыйлық ретінде Астананың туған күніне орай Елордамызға жолдама берілді.

Айта кету керек, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Almaty youth AWARDS» жобасы аясында Алматы қаласы ЖОО-лары арасында ұйымдастырылған «The best student's group» қалалық байқауында да бұл топ бірінші орынды иеленді.

Университеттік және қалалық деңгейдегі сайыстарда жеңіске жеткен, білім, ғылым және өнер жолында озып шыққан дарынды, үздік

«Метеоролог» студенттерін құттықтау мен үшін мақтаныш! Осы студенттерді тұлға ретінде қалыптастырып, рухани күш беріп жүрген факультетіміздің тәрбие жөніндегі декан орынбасары Жұмалипов Айдар Рахметұлын және кафедра мұғалімдерін де құттықтағым келеді! Білім мен ғылым ісінде бірігіп қимылдасак, шығар шыңымыз әрқашан биік боларына сенімдімін!

А.Р. СҮЛЕЙМЕНОВА,
метеорология және гидрология кафедрасының эдвайзері

УНИВЕРСИТЕТ вне коррупции

В рамках проекта КазНУ им. аль-Фараби «Университет вне коррупции» магистранты специальности «Международное право» и «Международные отношения» 1 курса факультета международных отношений провели обсуждение на английском языке актуальных тем «Что такое международная коррупция? Какие законы о коррупции мы знаем? Знаем ли мы законодательство Республики Казахстан о противодействии коррупции?» и многие другие вопросы.

Среди глобальных проблем современности, от решения которых зависит дальнейшее развитие мирового сообщества в новом столетии, одной из самых острых является проблема коррупции. В условиях глобализации она приобрела новое качество и транснациональные формы и является серьезнейшим противоречием глобализации, одним из вызовов мировому развитию.

Среди вопросов, наиболее остро стоящих перед современным образованием и воспитанием, наиболее трендовым считается ответственность за новое поколение. Целью образования и воспитания сегодня является профессионально компетентная, инициативная, творческая молодежь, наделенная чувством долга и ответственности перед обществом. В современном обществе воспитание осуществляется главным образом через специальные педагогические системы, которые также осуществляют формирование антикоррупционной культуры посредством комплекса мер образовательного характера.

Коррупция сама по себе является пороком общества. На основании проведенных социологических исследований некоторых ученых, было выявлено, что из 31 проблемы на первом месте у молодежи стоит инфляция, а на втором — коррупция. Молодежь волнует коррупциогенная составляющая в обществе, поэтому эта тема вызвала интерес и бурное обсуждение у студентов. Основным докладчиком по этой теме был студент кафедры международного права Ермеков Алибек, который сделал презентацию о международной коррупции, о рисках, о международных конвенциях и конвенции ООН против коррупции. Студент Абил Сырым разъяснил некоторые понятия нормативных правовых актов Республики Казахстан, а также выразил свою точку зрения относительно обсуждаемого вопроса. В дискуссии приняли участие Калматаева Диана, Акпамбетова Айгерим и другие магистранты.

А.Ш. БАЙТУКАЕВА,
и.о. профессора кафедры дипломатического перевода

Шеберлік сағаты

Тарих, археология және этнология факультетінің оқытушысы, доцент Құралай Баудиярованың жетекшілігімен біз, «Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 3-курс студенттері ҚазҰУ қалашығындағы Биология музейінде өткен таксидермиялық шеберлік курсына қатыстық.

Биология музейі алғаш рет 1936 жылы зоология кафедрасының жанынан зоология мұражайы болып құрылып, сол уақыттан бері музей қоры 5000 жәдігерге дейін толықты. Бүгінде музейде Қазақстанның фаунасынан хабар беретін жануарлардың, құстардың тұлпарларымен қатар Арал, Каспий теңіздерінен әкелінген балықтардың көптеген түрлері экспонат ретінде қойылған.

Жануарларды, құстарды музейге экспонат ретінде қоймастан бұрын олар тұлпытальнады, ал оларды тұлпыталумен осы таксидермия ғылымы айналысады. Таксидермия дегеніміз жануарлардың терісін сақтай отырып, олардың ішкі ағзаларын басқа элементтермен толтыру арқылы бастапқы калпына келтіріп қою. Осы сабаққа арнайы Ресейден таксидермист маман Е. Бисекін шақыртылып, өз тәжірибесімен бөлісті. Бұл жұмыспен айналысу үшін асқан біліктілік қажет.

Шеберлік курсына маман сауысканның тұлпыталу әдісін көрсетті. Алдымен құсты мұқият ішкі ағзалардан тазартты. Кейін орнына құсқа сәйкес келетін муляж салып, тура құстың бастапқы калпынан айнытпай қатырып қойды. Біз, болашақ музей мамандары осы таксидермиялық тәжірибені өз көзімізбен көрдік. Сонымен қатар бұл жұмысқа кететін уақыттың ұзақтығын да айта



кетуіміз қажет. Ресейден шақырылған білікті маман ұзақ уақытты қысқартып, бізге керекті тұстарын көрсетуге тырысты. Бұл курстан үйренгеніміз көп. Теория жүзінде оқыған білімімізді одан әрі жетілдіре түсіп, болашақ маман ретінде кездесетін жұмыстардың бір бөлігімен таныстық. ҚазҰУ-дың Биологиялық музей ұжымына, оқытушымыз Құралай Батырбекқызына айтар алғысымыз шексіз.

Әмина ҚАРЖАУБАЕВА,
«Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 3-курс студенті

Биология және биотехнология факультеті биофизика және биомедицина кафедрасының ұйымдастыруымен Америкадағы математикалық қоғам профессоры Брюс Хансонмен кездесу өтті.

АМЕРИКАЛЫҚ ПРОФЕССОР ТАҢДАЙ ҚАҚТЫ



Сурет ғаламтордан алынды

накышына келтіре тартты. Факультетіміздің 1-курс студенттері – Лаура Орынбасар мен Алтынай Төлеубекова елімізге деген махаббаттарын арнау өлеңдерімен білдірді. Студенттер дайындаған арнайы бейнебаян да көпшіліктің көңілінен шықты.

Аталған шара жиналған қауымға түрлі ой салды, көп мәселені ұғындырды. Соның ішінде еліміздің күні бүгінге дейінгі жетістігін толықтай еске түсіреді.

Республикамыз қазірге дейін бірқатар халықаралық ауқымды шараларға бастамашы болып үлгерді. Әлемдік, өңірлік деңгейдегі құрылымдарды өмірге әкелудің көш басында жүрді. Ел ішіндегі этносаралық татулық пен дінаралық келісім үдерістері өзгелерге үлгі етерліктей дәрежеге көтерілді. Дүниежүзілік, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы күш-жігеріміз де халықаралық қоғамдастық тарапынан оң бағаланып келеді.

Жер шарының көптеген мемлекеттерімен тек достық, ынтымақтастық тұрғысында қарым-қатынас орнаттық. Бәрі де, әрине, осындай дәрежеге жеткізген тұңғыш Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегінің жемісі. Дәл бүгін және әрқашанда оны айтып өтеміз. Бұл жайлар тек қана бізді тебірентіп қоймай, келген қонағымызды да тебірентті.

Брюс Хансон сөз соңында ризашылығын білдіріп, студенттердің өнеріне, олардың еліне және университетіне деген сүйіспеншіліктеріне, оқумен қатар өнерді бірге алып жүргеніне таңғалды. Елімізге енді жиі келуге тырысатындығын айтты. Сондай-ақ тәрбие басқармасының жетекші маманы Айша Әлиева құрметті қонаққа университет атынан естелік сыйлық тапсырып, ризашылығын жеткізді. Профессор Қазақстан туралы енді көп білгендігін және қазақ елі туралы әрдайым айта жүретіндігін мәлімдеді. Асқактай бер, туған ел!

Гүлшат АТАНБАЕВА,
б.ғ.к., биофизика және биомедицина кафедрасының аға оқытушысы;
Гүлжан ЖАМАНБАЕВА,
PhD, биофизика және биомедицина кафедрасының оқытушысы

ҚАЗҰУ СТУДЕНТІ «ҚАЗАҚ АРУЫ» АТАНДЫ

«Қазақ аруы – 2017» сұлулық байқауы өз мәресіне жетіп, бас жүлдеге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің студенті Нұргүл Асанова ие болды.

Халықаралық Наурыз мерекесі тойланды

Жалғасы. Басы 1-бетте



Түркия елінен келген Нури Джихан Караташтың ұлттық түрік аспабымен орындаған арнауы естіген жанға қайталанбас әсер қалдырды. Әзірбайжан мемлекетінің «Дженги» би ансамблі халық биімен, Башқұртстан Республикасының «Гүлді өңір» ансамблі башқұрт халық биімен кеш шырайын кіргізді. Қырғыз елінің «Таажы» ансамблімен бірге өнер көрсетіп, «Өмір» әнін шырақан Жұлдыз Мырзабекованың өнері де тыңдарман көңілінен шықты. Саха (Якутия) Республикасының азаматы Артур Семенов орындаған саха халық күйі «Нотус» пен Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Фараби сазы» ансамблі Дәулеткерейдің «Көроғлы» және Құрманғазының «Адай» күйін жоғары дәрежеде

орындады. Тыныш заманның бейнесі, шаттық пен қуаныштың белгісіндей, «Отырардағы той» әні әнге құмар көңілге шабыт сыйлағандай болды. Гүлжан Лара орындауындағы «Қазақ елі осындай» әнімен мерекелік бағдарлама аяқталды.

Шара соңында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы қатысушыларға ықылас гүлін табыстады. Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы ТҮРКСОЙ бас хатшысы Дүйсен Қасейінов түркі халқын наурыз мерекесімен құттықтап, университет басшысы Ғалым Мұтановты түркі халықтары достығына қосқан үлесі үшін арнайы медальмен марапаттады.

Мұхтар СЕРЖАН

(Маңғыстау облысы), Сәуле Әділбаева (БҚО), Шырын Ақпар (ШҚО).

Бірнеше кезеңде өнер көрсеткен сұлуларды бағалаған қазылар алқасы бас жүлдеге оралдық Нұргүл Асанованы лайықты деп таныды. Сондай-ақ, «Қазақ аруы – 2017» сұлулық байқауында 1-орынды қызылордалық Зухра Сайпи, ал 2-орынды актөбелік Гүлжанат Жұмажанова алса, 3-орын қарағандылық Әйгерім Орынбековаға бұйырды. Сонымен қатар, Зухра Сайпи «Аруна» сауда үйінің арнайы сыйлығына ие болды. Ал Әйгерім Орынбекова «Көрермендер көзайымы» аталымын иеленді.

Алғашқы болып сұхбаттасып үлгерген блогер Эльвира Ергалина Нұргүлдің қарапайымдылығын атап өтіп, оны КешYou-дің бұрынғы әншісі Ақботаға ұқсатты. Инстаграмдағы Эльвираның сауалдарына жауап берген Нұргүл, өзінің білім алып жатқан университетін мақтанышпен жеткізді. Нұргүлдің университеттегі кураторы Шарипа Нұржанова: «Біздің Нұргүл Асанова «Қазақ аруы» атанды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының ұжымы мен 205 топ студенттері, яғни группаластары және куратор-эдвайзері ретінде Нұргүлді осы жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз. Бұдан да биіктерге шарықтай бер, алтыным!» – деген фейсбуктегі парақшасында.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Фото: Н.Асанованың инстаграм парақшасынан алынды



Сұлулық байқауына еліміздің әр өңірінен іріктелген 16 ару қатысты. Олар: Ақбаян Өмірқұлова (ОҚО) Айбану Жексенғали (Атырау облысы), Ақмаржан Жұман (Астана), Амина Мектепбаева (Алматы), Бегайым Жорабекова (ОҚО), Виктория Петрова (Павлодар облысы), Гүлжанат Жұмажанова (Ақтөбе облысы), Әйгерім Орынбекова (Қарағанды облысы), Жұлдыз Орынбасарова (Жамбыл облысы), Зухра Сайпи (Қызылорда облысы), Мария Халбият (Алматы облысы), Назерке Дауылбаева (Атырау облысы), Нұргүл Асанова (БҚО облысы), Перизат Абдашова

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазерке ҚАРАТАЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №163

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.